

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	16 беттің 1-ші беті

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы
2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

16 беттің 2-ші
беті

КІРІСПЕ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Академиялық мәселелер қызметі

2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен 2025 жылғы «26» қыркүйектегі № 2 хаттама

3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ

3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
		16 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	4
3. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕРІ.....	5
4. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ.....	5
5. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	6
6. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚҰЖАТТАРЫ.....	6
7. АКАДЕМИЯНЫҢ БАСҚА ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ӨРЕКЕТТЕСУІ.....	6
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	7
9. ҚОСЫМША 1. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ФОРМАСЫ.....	8
10. ҚОСЫМША 2. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫНЫҢ ФОРМАСЫ.....	9
11. ҚОСЫМША 3. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІНІҢ ФОРМАСЫ.....	10
12. ҚОСЫМША 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП ФОРМАСЫ.....	11
13. ҚОСЫМША 5. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ЖҰМЫСЫНА СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРДІҢ ҚАТЫСУ МАТРИЦАСЫ.....	12
14. ҚОСЫМША 6. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ.....	14
15. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ.....	15
16. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	16

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
	<u>Ереже</u> <u>нормативтік құжат түрі</u>	16 беттің 4-ші беті

«Бекітілді»

ҚР МАМ «Т. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
Ғылыми кеңес төрағасы
 А. Жудебаев
№ 2 хаттама 2025 жылғы «26» қыркүйек

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-де (бұдан әрі – Академия) білім беру бағдарламалары академиялық комитеттерінің (бұдан әрі – Академиялық комитет) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құрамын, қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Академиялық комитет жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің нақты білім беру бағдарламасы аясында құрылатын, бағдарламаны әзірлеу, сүйемелдеу, өзектендіру және академиялық сапасын қамтамасыз ететін алқалы **консультативтік-жұмыс органы** болып табылады.

1.3. Академиялық комитеттер Академияның ішкі білім сапасын қамтамасыз ету жүйесінде жұмыс істейді және академиялық саясатты жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

1.4. Академиялық комитет өз қызметінде басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын;
- Академияның білім беру бағдарламасы туралы Ережесін;
- Академияның даму стратегиясын;
- Академияның ішкі нормативтік құжаттарын;
- Осы Ережені.

1.5. Осы Ереже дербес ішкі нормативтік құжат болып табылады және көрсетілген құжатта көзделген академиялық комитеттердің қызметін нақтылай отырып, білім беру бағдарламасы туралы Ережемен **өзара байланыста** қолданылады.

2. Академиялық комитеттің мақсаты мен міндеттері

2.1. Академиялық комитет қызметінің мақсаты – білім беру бағдарламасының академиялық сапасын, өзектілігін, бәсекеге қабілеттілігін және орнықты дамуын қамтамасыз ету.

2.2. Академиялық комитеттің негізгі міндеттері:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі
		16 беттің 5-ші беті

- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және қайта қарауға қатысу;
- түлек моделін қалыптастыру және өзектендіру;
- оқыту нәтижелерін жобалауға және түзетуге қатысу;
- білім беру бағдарламасының даму жоспарын әзірлеу, талдау және қайта қарау;
- еңбек нарығының, кәсіби қоғамдастықтың және білім алушылардың қажеттіліктерін ескеру;
- білім беру бағдарламасын дамытуға ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың қатысуын қамтамасыз ету;
- білім беру бағдарламасының ішкі мониторингі және өзін-өзі бағалау рәсімдеріне қатысу.

3. Академиялық комитеттің функциялары мен өкілеттіктері

3.1. Академиялық комитет өз құзыреті шеңберінде:

- жаңа білім беру бағдарламасын әзірлеуге немесе қолданыстағы бағдарламаны өзектендіруге қатысады;
- білім беру бағдарламасының құрылымын, мақсаттары мен оқыту нәтижелерін қарайды;
- түлек моделін қалыптастыруға қатысады;
- білім беру бағдарламасының даму жоспарын әзірлейді және қайта қарайды;
- элективті пәндер каталогы бойынша ұсыныстарды қарайды;
- білім беру бағдарламасын іске асыру мониторингінің нәтижелерін талдайды;
- білім беру бағдарламасының тәуекелдерін талдауға және оларды азайту жөнінде ұсыныстар қалыптастыруға қатысады;
- кафедралар, факультеттер, Академияның Оқу-әдістемелік кеңесі мен Ғылыми кеңесі үшін ұсынымдар мен талдамалық материалдар дайындайды.

3.2. Академиялық комитет өз функцияларын Академияның ішкі нормативтік құжаттарында **белгіленген рәсімдер шеңберінде** жүзеге асырады және білім беру бағдарламаларын және ілеспе құжаттаманы бекіту құқығына ие органдардың өкілеттіктерін алмастырмайды.

3.3. Академиялық комитеттің шешімдері ұсынымдық сипатта болады және белгіленген тәртіппен ресімделеді.

4. Академиялық комитеттің құрамы және құрылу тәртібі

4.1. Академиялық комитет нақты білім беру бағдарламасы аясында Академия ректорының бұйрығымен құрылады.

4.2. Академиялық комитеттің құрамындағы мүшелер саны (хатшыны есепке алмағанда) тақ сан болуы тиіс.

4.3. Академиялық комитеттің құрамына мыналар кіреді:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
	Ереже <u>нормативтік құжат түрі</u>	16 беттің 6-ші беті

- білім беру бағдарламасының жетекшісі (төраға);
 - профессор-оқытушылар құрамының өкілдері;
 - тиісті білім деңгейіндегі білім алушылар;
 - сыртқы мүдделі тараптар (жұмыс берушілер, түлектер, кәсіби және шығармашылық қоғамдастық өкілдері);
 - ішкі мүдделі тараптар (әдіскерлер, бейінді құрылымдық бөлімшелердің өкілдері);
 - Академиялық комитеттің хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).
- 4.4. Академиялық комитеттің дербес құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі және қажеттілігіне қарай өзгеріс енгізілуі мүмкін.

5. Академиялық комитеттің қызметін ұйымдастыру

- 5.1. Академиялық комитет қызметінің негізгі нысаны отырыстар болып табылады.
- 5.2. Академиялық комитеттің отырыстары:
- жоспарлы түрде – жылына кемінде екі рет;
 - жоспардан тыс – төрағаның, кафедраның, Оқу-әдістемелік кеңестің немесе Академия басшылығының бастамасы бойынша өткізіледі.
- 5.3. Академиялық комитеттің отырысы оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.
- 5.4. Шешімдер Академиялық комитет отырысына қатысқан мүшелердің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.
- 5.5. Отырыстың барысы мен қабылданған шешімдер міндетті түрде хаттамамен рәсімделеді.

6. Академиялық комитеттің құжаттары

- 6.1. Академиялық комитеттің қызметі келесі құжаттаманы жүргізумен қамтамасыз етіледі:
- Академиялық комитеттің жұмыс жоспары;
 - отырыстардың хаттамалары;
 - қызмет туралы есептер;
 - талдамалық анықтамалар мен ұсынымдар;
 - білім беру бағдарламасын дамытуға байланысты өзге де құжаттар.
- 6.2. Академиялық комитеттің құжаттамасы Академияның білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.
- 6.3. Академиялық комитет құжаттарының нысандары осы Ережеге қосымшаларда бекітіледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

7. Академияның басқа ұйымдармен өзара әрекеттесуі

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
		16 беттің 7-ші беті

7.1. Академиялық комитет кафедралармен, факультеттермен, оқу-әдістемелік кеңеспен, академиялық сапа жөніндегі кеңеспен және Академияның өзге де құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

7.2. Академиялық комитеттің материалдары мен ұсынымдары белгіленген тәртіппен Академияның Оқу-әдістемелік кеңесі мен Ғылыми кеңесінің қарауына енгізілуі мүмкін.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ереже мен білім беру бағдарламасы туралы Ереже арасында қайшылықтар туындаған жағдайда білім беру бағдарламасы туралы Ереженің нормалары қолданылады.

8.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академияның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту үшін белгіленген тәртіппен енгізіледі және бекітіледі.

8.3. Осы Ереже бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және оның күші жойылғанға немесе жаңа редакцияда қабылданғанға дейін қолданылады.

**Академиялық мәселелер
жөніндегі қызметінің басшысы**

Handwritten signature

Г. Әбдірахман

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
		16 беттің 8-ші беті

Қосымша 1. Академиялық комитеттің жұмыс жоспарының формасы

Білім беру бағдарламасының Академиялық комитетінің 20__–20__ оқу жылына арналған ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара	Мақсаты / мазмұны	Орындау мерзімі	Жауапты	Нәтиже нысаны
1	ББ іске асыруды талдау жөніндегі АК отырысы	Оқу мақсаттары мен нәтижелерінің орындалуын талдау			Хаттама
2	ББ даму жоспарын қарау	Іс-шаралар мен индикаторларды түзету			Ұсыныстар
3	Білім алушылардың кері байланысын талдау	Қанағаттану мен ұсыныстарды есепке алу			Талдамалық анықтама
4	Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл	Компетенциялар мен оқу нәтижелерін өзектендіру			Хаттама / есеп
5	Өзге де іс-шаралар				

АК төрағасы _____

Хатшы АК _____

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	16 беттің 9-ші беті

Қосымша 2. Академиялық комитеттің отырыс хаттамасының формасы

ХАТТАМА № ____

білім беру бағдарламасының Академиялық комитетінің отырыстары

Күні: «__» _____ 20 г.

Өткізу нысаны: күндізгі / қашықтықтан / аралас

Қатысты:

(АК-дағы аты-жөні, лауазымы, мәртебесі)

Қатыспағандар:

(болған жағдайда)

Күн тәртібі:

- 1.
- 2.
- 3.

Бірінші мәселе бойынша:

Талқылаудың қысқаша мазмұны.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ / ҰСЫНЫС БЕРДІ:

(шешімдер мен ұсыныстарды тұжырымдау)

Екінші мәселе бойынша:

...

АК төрағасы _____

Хатшы АК _____

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	16 беттің 10-ші беті

Қосымша 3. Академиялық комитеттің жылдық есебінің формасы

20__–20__ оқу жылына арналған Білім беру бағдарламасының Академиялық комитетінің қызметі туралы ЕСЕП

1. Жалпы ақпарат
 - Білім беру бағдарламасының атауы
 - Академиялық комитеттің құрамы
 - Өткізілген отырыстар саны
2. Негізгі қызмет бағыттары
 - Білім беру бағдарламасын әзірлеуге / өзектендіруге қатысу
 - Білім беру бағдарламасының даму жоспары бойынша жұмыс
 - Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
 - Сапаны бақылау мониторингіне қатысу
3. Негізгі нәтижелер
 - Қабылданған ұсынымдар
 - Іске асырылған өзгерістер
 - Білім алушылар мен жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескеру
4. Мәселелер мен тәуекелдер
(анықталған мәселелер мен тәуекелдердің сипаттамасы)
5. Ұсыныстар
(Білім беру бағдарламасын әрі қарай дамыту бойынша ұсыныстар)

АК төрағасы _____

Күні _____

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
		16 беттің 11-ші беті

Қосымша 4. Білім беру бағдарламасы бойынша аналитикалық есеп формасы

Академиялық комитеттің білім беру бағдарламасын қарау нәтижелері бойынша АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қарастыру негізі:

(мониторинг / қайта қарау / кафедра бастамасы және т.б.)

1. Білім беру бағдарламасының сәйкестігін талдау

- Мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарға (ГОСО)
- Кәсіби стандарттарға
- Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) / Салалық біліктілік шеңбері (СБШ)

2. Оқыту нәтижелерін талдау

(қол жетімділік, логика, өлшеу)

3. Құрылым мен мазмұнды талдау

(модульдер, пәндер, практикалар)

4. Академиялық комитеттің қорытындысы

(сақтау / жаңарту / түзетудің орындылығы туралы)

5. Ұсынымдар

(нақты ұсыныстар)

АК төрағасы _____

Күні _____

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

Қосымша 5. Академиялық комитет жұмысына стейкхолдерлердің қатысу матрицасы

Стейкхолдер санаты	Қатысу нысаны	ББ кезеңі	Құжат-негіздеме
Жұмыс берушілер	АК отырысы	Әзірлеу / қайта қарау	Хаттама
Білім алушылар	Талқылау	Мониторинг	Сауалнама
ПОҚ	Сараптамалық бағалау	Жобалау	Қорытынды

Қолдану түсіндірмесі: Матрица ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың білім беру бағдарламасын әзірлеу, іске асыру, мониторинг және дамытудағы қатысу формалары мен кезеңдерін құрылымдық түрде көрсетуге арналған.

Матрица Академиялық комитет қызметінде келесі мақсаттарда қолданылады:

- жұмыс берушілермен, білім алушылармен, профессор-оқытушылар құрамымен және өзге мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың ашықтығы мен жүйелілігін қамтамасыз ету;
- мүдделі тараптардың білім беру бағдарламасының мақсаттарын, оқу нәтижелерін, құрылымы мен мазмұнын қалыптастырудағы үлесін тіркеу;
- академиялық шешімдер қабылдау кезінде кәсіби қоғамдастық пен білім алушылардың пікірлері мен күтулерінің ескерілгенін растау;
- білім беру бағдарламаларын ішкі мониторинг, өзін-өзі бағалау және сыртқы аккредитация рәсімдері үшін дәлелді базаны қалыптастыру;
- білім беру бағдарламасының өмірлік циклінің әр кезеңінде мүдделі тараптардың рөлдері мен қатысу формаларын айқын бөлу арқылы Академиялық комитеттің басқарушылық шешімдерінің сапасын арттыру.

Мүдделі тараптардың қатысу матрицасы ұсынымдық және қосымша сипатқа ие болып табылады және Академиялық комитет тарапынан қажеттілігіне қарай, білім беру бағдарламасымен жұмыс істейтін нақты кезеңнің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты қолданылады.

Матрицаны толтыру Академиялық комитеттің әр отырысы үшін міндетті емес және келесі жағдайларда пайдаланылуы мүмкін:

- Жаңа білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде;
- Қолданыстағы білім беру бағдарламасын елеулі түрде қайта қарау кезінде;
- Түлек моделін және оқу нәтижелерін өзектендіру кезінде;
- Аккредитацияға немесе ішкі аудитке дайындық барысында;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	16 беттің 13-ші беті

- Академиялық комитеттің талдамалық материалдарын және есептерін әзірлеу кезінде.

Матрица жеке құжат түрінде немесе Академиялық комитеттің талдамалық анықтамалары мен есептерінің құрамдас бөлігі ретінде рәсімделуі мүмкін.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025
		26.09.2025 ж.
	Ереже <u>нормативтік құжат түрі</u>	16 беттің 14-ші беті




Қосымша 6. Академиялық комитеттің құжаттар тізімі

1. Академиялық комитеттің жұмыс жоспары
2. Отырыстардың хаттамалары
3. Академиялық комитеттің есептері
4. Талдамалық анықтамалар
5. Мониторинг материалдары
6. Ұсынымдар мен қорытындылар

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.30-2025 26.09.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

16 беттің 15-ші
беті

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы		Г. Әбдірахман
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш. Ергөбек
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		Қ. Халықов
Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы		А. Кульшанова
Білім беру бағдарламаларының мазмұнын саралау және дамыту бөлімінің басшысы		А. Вырахманова
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы		А. Молдабаева
Заң бөлімінің басшысы		О. Тлегенова
Театр өнері факультеті деканының м.а.		М. Сарыбай
Кино және телевизия факультетінің деканы		М. Бакеева
Өнертану факультетінің деканы		Д. Маткерим
Хореография факультетінің деканы		И. Аухадиев
Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы		Б. Байділда
Музыкалық өнер факультетінің деканы		В. Алпысбаева



П 017-1.30-2025

26.09.2025 ж.

Ереже
нормативтік құжат түрі

16 беттің 16-ші
беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]